

ҒТАМР 14.07.09

Қ.Игібаева., У.Шайхмежденова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: S.Sisenaliev@asu.edu.kz

**БИОЛОГИЯ САБАҒЫН ӘРТҮРЛІ ӘДІСТЕРМЕН ӨТКІЗУДІҢ
ТИІМДІЛІГІ**

Аңдатпа

Биологиялық сабақтарды әртүрлі әдістерді пайдаланып, көрнекіліктерді көбірек қолдану арқылы, әсіресе тірі өсімдіктерді көбірек қолдану арқылы сабақты түрлендіріп өткізу оқушылардың қызығушылықтарын арттырады. Өсімдіктердің гүл құрылыстарындағы айырмашылықтарды өздерінің ойланып айтуларына мүмкіншілік беру арқылы оқушылардың ойлану қабілеттерін жетілдіруге септігін тигізеді. Оқушылардың белсенділігін көбірек ояту үшін ойлануға бағытталған тапсырмаларды беру сабақтың тиімді болатындығын білдіреді.

Негізгі сөздер: оқу әдістері, педагогикалық зерттеу, табиғи құбылыстар, білім деңгейін дәрежесін талдау, кеппешөптер, тірек сызба нұсқасы, кесте.

Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесіне біраз өзгерістер енгізілуде. Бұндай жаңашылдықтың мақсаты - сабақ өткізудің әдіс тәсілдерін кеңейтіп, оқушылардың біліктіліктерін арттыру. Сабақ тек білім беріп қана қоймай, оқушының тұлға ретінде қалыптасуына, болашақ білімді маман иесі болуы үшін біліктілігін қамтамасыз етерліктей етіп тәрбиелеуге жұмыстанады. Оқу әдістерін түрлендіріп сабақ өткізуді әр жастағы оқушылар әртүрлі қабылдайды[1].

Баланың шығармашылық қабілетін ынталандыратын оқытудың ықпалды жүйесі қабілеттілікті қалыптастыру және дамыту үшін шығармашылық процестің ерекше сипаты қажет, ол барынша күш жігерді талап ететіні сөзсіз[8].

Оқушылардың сабақ өткізудің әртүрлі әдістерін қабылдауын педагогикалық зерттеулер жүргізу арқылы анықтауға болады. Педагогикалық зерттеудің қалыптасқан әдісіне оқушылардың оқу әдістерін меңгеруін, тақырыпқа байланысты табиғи жағдайда болып жатқан

құбылыстар мен процестерді қабылдауын және алған білімдерін жеткізе білуін бақылау жатады.

Осы мақсатта «Күрделігүлділер тұқымдасы – кең таралған өсімдіктер» деген тақырыбындағы сабақ жоспар бойынша өткізілді. Сабақ оқушылардың білім деңгейінің дәрежесіне талдау жасау үшін екі сыныпқа екі түрлі әдіспен өткізілді[2]. Екі сыныпқа қатар өтудегі сабақтың мақсаты: оқушылардың Күрделігүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктер түрлерінің әртүрлілігі мен маңызы, биологиялық ерекшеліктері туралы біліктілігін арттыру және қандай әдісті қолданғанда жаңа сабақты меңгеру мүмкіндігінің жоғары болатындығын анықтау болды.

Оқушылардың дамытушылығын арттыру мақсатында биологиялық ғылыми тілмен сөйлеуге, өз ойларын жеткізуге, өсімдік белгілерін салыстыра білуге, биологияға қызығушылығын арттыруға, топтық жүйемен жұмыс жасауға дағдыландыруға бағытталып жоспарланды.

Тәрбиелік мақсатта оқушылардың бір біріне қарым-қатынастарын адамгершілік, ұйымшылдық, адалдық бағытында тәрбиелеу; басқалардың пікірімен санасуға, мектеп тәртібін сақтауға тәрбиелеу жұмысы бірге орындалды.

Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызын еске түсіре отырып, оларды қорғауға үйрету бағытында экологиялық тәрбие беру үшін мектеп ауласында өсетін өсімдіктердің кеппешөптері мен суреттері алынды.

6 «А» сынып оқушыларына сабақ дәстүрлі оқыту әдісі бойынша өтілді. Сабақта интерактивті тақта, кеппешөптер жиынтығы, үлкейтілген өсімдіктер суреттері, үлестірмелі материалдар, тірек-сызба нұсқасы көрнекіліктері пайдаланылды. Ол үшін интерактивті тақтадан күрделігүлділер тұқымдасының бірнеше өкілдері - күнбағыс, бақбақ, өгейшөптің суреттері көрсетіліп, олардың көзге көрініп тұрған морфологиялық белгілері(тіршілік формасы, сабағы, жапырағы, гүл шоғыры, жеке гүлі, жемісі) өткен сабақта танысқан итмұрынның суреттерімен салыстыру арқылы сұрақ жауап түрінде талқыланды.

Жаңа сабақты бекіту кезінде «Көршіңмен ақылдас», «Ортаға ойыңды сал»деп шапшаңдыққа ұмтылдыру үшін осы өтілген жаңа тақырып бойынша тапсырмалар таратылды.

Бағалау кезеңінде ауызша тексергенде кей оқушылар баяу сөйлейтіндіктен уақытты үнемдеуге арналған сұрақтар дайындалды. Білімді ауызша тексерудің басқа түрлері және тәсілдерімен үйлестіре бағалау жүзеге асты. Сабақтың соңында оқушылардың жұмыстарын бағалау үшін білімді бағалаудың көпшілік қабылдаған критерийлері бойынша бағаланды. Оқушылардың білім көрсеткіштері 1 кестеде көрсетілді. Білім сапасы 86 пайызды құрады.

6 «Б» сыныбындағы оқушыларға сабақ түсіндіру кезінде проблемалық (мәселелік) әдіс қолданылды. Проблемалық мәселені шешуде керекті білімділікті, ақыл-ой жұмысына қабілеттілікті, үлкен белсенділікті талап етеді. Проблеманы тудырудағы мақсат - оқуды қиындату арқылы оқу

материалдарын меңгерту, баланың ақыл-ой қабілетін ойлануға бағыттап көбірек жұмыс істету.

Осы мақсатта 6«Б»сыныбындағы оқушыларға сабаққа тез бейімделу үшін шапшаң жауап беруге арналған сұрақтар қойылып әртүрлі тапсырмалар «Оймаржан», «Ойлан – шешуін тап», «Жасырын сөзді тап» (әр командаға алдын ала кесте түрінде дайындалған) тапсырмалар таратылды[3].

1- Әр тұқымдастарға тән морфологиялық белгілеріне байланысты жасырын сөзді табыңыз.

тұқымдастар	морфологиялық белгілері						
	алма	жидек	дәнек	тұқымша	бұршақ	бұршаққын	жаңғақ
Бұршақгүлді	д	ш	қ	к	м	л	з
Алқагүлді	ж	а	у	р	п	д	б
Күрделігүл	а	е	л	қ	с	т	ә
Раушангүлді	с	г	ы	о	в	н	ғ
Астықгүлді	с	ц	а	л	к	з	і
Қайыңгүлді	в	р	д	з	х	е	р
Шаршыгүл	и	а	е	у	а	ы	к

(жауабы:мақсары) осындай тапсырмалар 4 топқа жеке дайындалды.

2-кезең. Жаңа сабақ презентациялар технологиясы арқылы сызба нұсқа бойынша түсіндірілді.Жаңа сабақты түсіндіру оқушыларға интерактивті тақта арқылы көрсетілген суреттерді талдаудан басталды[5]. Олардың көзге көрініп тұрған морфологиялық белгілері (тіршілік формасы, сабағы, жапырағы, гүл шоғыры, жеке гүлі, жемісі) өткен сабақта танысқан итмұрынның суреттерімен салыстыру арқылы сұрақ жауап түрінде талқыланып, оқушылардың өздерінің көргендерін жеткізулеріне мүмкіндік берілді. Мүмкіндігінше барлық оқушылар қамтылды. Соңынан тақырып толықтырылып түсіндірілді. Бекіту кезеңі күрделігүлділердің өкілдері туралы тез жауап беретін сұрақтар тақтада жазылып көрсетілді. Әр топқа таратылған тапсырмалардың орындалуы тексерілді, қорытынды бағалауда ескеріледі.

Екі сыныптың оқушыларының қорытынды бағаларына қарап, салыстырмалы түрде білім сапасы шығарылды. 2-кестеде көрсетілгендей білім сапасы 92 пайызды құрады.Осы деректерге қарағанда сабақта проблемалық әдісті қолданған оқушылардың білім деңгейлерінің жоғары болғандығын байқауға болады.

2-кесте. Оқушылардың білім деңгейлері

	Оқушы саны	баға				Сапа
		«5»	«4»	«3»	«2»	
6 «А» сынып	28	10	13	5	-	86%
6 «Б» сынып	27	13	12	2	-	92%

Сабақтың тиімділігін арттырудың маңызды бір жолы – сабақтағы атқарылатын жұмыс түрлерінің сан алуандығында[6].

Оқушылардың танымдық-белсенділігін қалыптастыратын педагогикалық шарттар жиынтығы мен тиімді әдіс-тәсілдерді, оқытудың түрлі формаларын қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеріп, танымдық ой-өрісін арттыруға болатынын эксперимент жұмыстарының қорытындыларынан көруге болады [7].

Сабақта алуан түрлі әдістер мен көрнекіліктер қамтамасыз етілсе оқушылар білім игеруде жетістікке жететіні анықталды. Оны екі сыныпта екі түрлі әдіспен өткізілген сабақтың нәтижесі көрсетілген төмендегі кестеден де байқауға болады.

3-кесте. «6»А сыныптағы дәстүрлі сабақ қорытындысы

Тапсырма түрлері	1-топ	2-топ	3-топ	4-топ
оймаржан	+	+	-	+
үйге тапсырма	++	+	+	++
бекіту	++	+	+	++
қорытынды	++	+	+	++

4-кесте. 6«Б» сыныптағы проблемалық сабақ қорытындысы

Тапсырма түрлері	1-топ	2-топ	3-топ	4-топ
оймаржан	+	++	+	-
үйге тапсырма	++	++	+	+
бекіту	++	++	++	++
қорытынды	++	++	++	++

Ескерту: ++өте жақсы жауап; +жақсы жауап; -қанағаттанарлық жауап

2-ші және 3-ші кестелердің қорытындысына қарағанда проблемалық әдіс арқылы өтілген сабақтың қорытындысы дәстүрлі әдіс арқылы өткен сабақтан біршама жоғары болғанын байқатады. Бұнда үйге тапсырманы бағалау екі сыныпта да бірдейге жақын болды. Ал жаңа сабақты бекіту және қорытындылау кезінде берілген тапсырмаларды орындауда 6«Б» сынып оқушылары жоғары деңгейді көрсетті. Өсімдіктердің морфологиялық ерекшеліктерін толық сипаттау тапсырмасы өз деңгейінде орындалмады. Дегенмен, сыныптағы барлық оқушы жаңа сабақты қорытындылауға арналған тапсырмаларды түгелге жуық орындады.«Табысты оқу мен оқытудың мәні оқыту үдерісінде жеке тұлғалар өздерін еркін және қауіпсіз сезінуіне жағдай жасаудан тұрады».Осыны аша келсек мұғалімнің негізгі мақсаты сабақта оқушылар бір-бірімен емен еркін ұстап, өздерін қолайлы сезінуі керек[4].

Бұдан шығатын қорытынды - сабақты проблемалық әдіс арқылы, көрнекіліктерді көбірек қолдану арқылы, гүл құрылыстарындағы айырмашылықтарды өздерінің ойланып айтуларына мүмкіншілік беру арқылы өткізу тиімді болатындығындығын білдіреді.

5-Кесте. Әртүрлі оқу әдістерінің 6«А» сынып оқушыларына әсері

Оқу әдістері	Оқу әдістерінің нәтижесі				
	қалыптастырады		дамытады		
	білім	білу	ойлау	қабілет	сөйлеу
көрнекілік	+	+	+	+	+
Кітаппен жұмыс	+	+	+	+	+
Сұрақ жауап	+	+	++	+	++
Өз бетімен жұмыс	++	+	++	+	+
Ауызша, жазбаша бақылау	++	+	+	+	++

6-Кесте. Әртүрлі оқу әдістерінің 6«Б» сынып оқушыларына әсері

Оқу әдістері	Оқу әдістерінің нәтижесі				
	қалыптастырады		дамытады		
	білім	білу	ойлау	қабілет	Сөйлеу
көрнекілік	+	+	+	++	++
Кітаппен жұмыс	+	+	+	+	+
Сұрақ жауап	++	+	++	++	++
Өз бетімен жұмыс	++	++	++	+	++
Ауызша, жазбаша бақылау	++	+	+	++	++

5-ші және 6-ші кестеде белгіленгеніндей оқушылар әртүрлі оқу әдістерін қолданғанда жаңа сабақты меңгеру мүмкіндіктері де әртүрлі болатындығы белгіленді. Оқушылардың сабақ үстіндегі белсенділігіне қарай, ауызша және жазбаша бақылау тапсырмаларын орындауларына қарай, сұрақ – жауап арқылы жаңа сабақты қорытындылау нәтижесіне қарағанда олардың еске сақтау қабілеті мен сөйлеу қабілеті көрнекі материалдар көп болған сайын артатындығы байқалды. Сонымен қатар сұрақ жауап арқылы пікірталас түріндегі тапсырмалар кезінде 6«А» сынып оқушыларының ойлау және өз ойын жеткізу арқылы білім деңгейінің 6«Б» сынып оқушыларына қарағанда аз да болса аздығы аңғарылды. Өз беттерінше орындаған жұмыстары кезінде 6 «А» сынып оқушыларының ойлау қабілеттері артқанымен жауап беру қабілеттерінің төмендігі анықталды. 6 «Б» сынып оқушыларының білім деңгейлері жоғарылап, сұрақтардың дұрыс шешімін таба білетіндігі анықталды. Ауызша бақылау өз ойларын айта білуге дағдыландыратыны, жазбаша бақылау уақытты үнемдеуде пайдалы болатынын аңғартты. Сабақ кезінде оқушыларға оқулықта берілген өсімдіктердің барлық түрлерінің үлкейтілген суреттері таратылды. Олардың бір бірінен айыруға болатын сыртқы морфологиялық ерекшеліктерін ажырату тапсырылды. Бірақ, бұл тапсырмаға онша жағымды жауап алынбады. Соған қарағанда сабақ сайын өсімдіктермен көбірек жұмыс жасалу керек екендігі анықталды.

Сабақ соңында проблемалық сабаққа оқушылардың қатынасу белсенділігі жоғары, жаңалықты білуге құштарлығы басым, жауап беруге құлшыныстары жоғары болатыны аңғарылды. Білім алушылар білім тексеретін сұрақтармен қатар, сыни тұрғыдан ойлануды қажет ететін сұрақтарды да қабылдай алатындары анықталды.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қисымова Ә.Қ. Жан-жақты білімді ұрпақ тәрбиелеу мақсатында біртұтас педагогикалық процесті технологияландыру-бүгінгі күннің өзекті мәселесі // Педагогика мәселелері.-№1,2.2006. 187 б.

2 Торманов Н., Абылайханова Н.Т., Төлеуханов С.Т., Уршеева Б.И. Биологиядан білім беру концепциясы және оқытудың инновациялық әдістемелері. Қазақ Университеті, 2015. 74 б.

3 Қисымова А.Қ., Обаев С.Н. Биологияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы, Алматы, 2010. 218 б.

4 Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар. «НЗМ» 2012 жыл. 11 б.

5 Еленовский А.Г. и др. Ботаника: Систематика высших, или наземных растений: Учебник. Академия, 2001. С.363.

6 Жарикова Н.В. Способы повышения познавательной активности школьников при использовании проблемного обучения на уроках биологии // Вестн. Том. гос. пед. ун-та. - Томск, 2008. С. 133-136.

7 Әбілқасымова А., Омарова Р. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. Алматы., 2010ж.173б.

8 Тыныбаева Б.Қ., Ж.Аманғалиева М. Оқушының шығармашылық қабілетін дамытудың маңызы. // Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы №4. 2018ж. 92 б.

Аннотация

Рассматриваются вопросы усовершенствования и заинтересованности учащихся к урокам биологии путем применения объектов живой растительности и средства наглядности. Это способствует улучшению знаний в определении строения цветка, навыков мышления, умения задавать вопросы и стимулирования активности учащихся на уроках биологии.

Ключевые слова: методы обучения, педагогическое исследование, природные явления, степень определения уровня знаний, гербарий, справочные схемы, таблицы.

Abstract

Considered questions of improvement and interest of students the biology lessons through the use of living vegetation by means of visibility. This promotes improvement of knowledge in determinig the structure of the flower, thinking skills, ability to ask questions and stimulate the activity as students in class.

Key words: method of teaching, conduct research into teaching, natural phenomenon, level knowledge of degree definition, herbarium, reference outline, tables.

FTAMP 14.07.07

Л.Койшигулова., А.С.Губашева

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: l.koishigulova@asu.edu.kz, aiman1986@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдапта

Мақалада қазақстандық қоғамда, отбасында, мектепте өскелең ұрпаққа этникалық тәрбие беру мәселелері қарастырылады. Дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің өмір сүруінің ең маңызды механизмдерінің бірі – қоғам талабына сай үйлесімділікте, жан-жақты жетілген адам тұлғасын қалыптастыруды мақсат еткендігін аңғарамыз, тәрбиедегі негізгі құндылықтарды бір ұрпақтан-екінші бір ұрпаққа беріп отырудың мүмкіндігі туады.

Негізгі сөздер: рухани сабақтастылық, тәрбие, дәстүрлі тәрбие, этномәдени тәрбие, ұлттық, тұлға, тектілік, этнос.

Жаһандану нәтижесінде болашақта ұлттық мемлекеттерге, немесе, басқа да аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас экономикалық өркениет құрылуы мүмкін деген болжам айтылады. Бірақ ол ұлттар мен халықтар арасындағы этникалық және мәдени айырмашылықтар барынша жойылған жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін. Кейбір мамандар дәстүрлі мемлекеттерді аймақтық қауымдастықтардың ығыстыру үрдісі дами түседі деп есептейді. Ал енді бір зерттеушілер, аймақтық қоғамдасу үрдісін, бүкіләлемдік жаһанданудың зиянды әсерінен қорғанудың бірден бір жолы деп қарайды; ақпараттық-коммуникациялық жаһандану – қазіргі заманғы интеграция үрдістерінің аса ықпалдысы Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында республикамыздың әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдер қатарына кіру стратегиясын баяндауда «....біз қазақ халқының санғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз» - деп нақты халықтық дәстүрлі мәдениетті терең меңгерудің қажеттігін баса айтқан болатын [1].